

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институты

«Бекітемін»

ОЖДҚЖ проректоры
ф.ғ.к. Б.Д.Искакова

Б.Искакова
«27» 08 2014 ж.



Ы.Алтынсарин атындағы АрқМПИ мемлекеттік педагогикалық институтында
емтихандарды ұйымдастыру және өткізу туралы

ЕРЕЖЕСІ

АрқМПИ Ғылыми
әдістемелік кеңесінің
мәжілісінде қаралды
№ 1 хаттамада
«27» 08 2014 ж.

Арқалық 2014

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында емтихандарды ұйымдастыру және өткізу ережесі – Арқалық: АрқМПИ баспасы, 2014 - 8 бет.

Осы ережеде Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты жағдайында практикалық ұсынымдар мен емтихандарды ұйымдастыру және өткізу принциптері баяндалған.

Емтихандарды ұйымдастыру мен өткізуге қатысушылар және институттың барлық бөлімшелері мен ПОҚ үшін тағайындалған.

Құрастырғандар:

Офис-Регистратордың басшысы Л.С.Шайменова.

1. Қолданатын саласы

1. Емтихандарды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі осы Ереже 2011 жылғы 20 сәуірдегі ҚР БҒМ №152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың несиелік технологиясы бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру тәртібіне», 2011 жылғы 16 наурызындағы ҚР БҒМ №94 бұйрығымен бекітілген «ЖОО-да білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесіне» сәйкес дайындалған (әрі қарай -Ереже).
2. Ережеде негізгі пәндер бойынша жазбаша емтихандарды ұйымдастыру және өткізудің негізгі ережелері, емтихан билеттерін қалыптастыру (тіркеу), талаптары, сонымен қатар апелляция жұмыстарын өткізу тәртіптері қарастырылған.
3. Осы ереже Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының нормативті-анықтамалық құжатнама құрамына кіреді және оның барлық құрылымдық бөлімшелерінің шегінде орындалуға міндетті.

2. Нормативті сілтемелер

1. Осы ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған.
 - 27.07.2007 жылғы № 389-І «Білім туралы» ҚР Заңы;
 - Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім стандарты. Жоғары білім: Негізгі ереже. 23.08.12 ж ҚР БҒМ № 1080 бұйрығымен бекітілген және әрекет етеді;
 - 20 сәуір 2011 жылғы ҚР БҒМ № 152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың несиелік технологиясы бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру тәртібі»;

3. Анықтау

1. Осы ұсынымда 23.08.2012 ж. ҚР МЖБС, «Білім туралы» Заңына сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады.

4. Емтиханды ұйымдастыру және өткелу

- 4.1 Жоспарлаған емтихандар мен кенес кестесін Офис-Регистратор бөлемінде құрастырып, Офис-Регистратор бөлемінің басшысы қол қояды және оқу жұмыстары жөніндегі проректормен бекітіліп, емтихан сессиясының басталуынан екі апта бұрын студенттер мен оқытушыларға жеткізіледі. Кестеде емтихан күні, орны және уақыты көрсетіледі.
- 4.2 Сынақ және емтихандарды оқу жұмыстары жөніндегі проректор, ОР бөлімінің басшысы, ОР тіркеушілері, декандар және кафедра меңгерушілері бақылау жасайды және жүзеге асырады.
- 4.3 Емтиханды жүргізу үшін, сол оқу пән бойынша біліктілігі бар, бірақ, ережеге сай ол академиялық топта сабақ жүргізбейтін алдыңғы қатарлы профессорлар, доценттер және оқытушы құрамдарынан экзаменаторлар тағайындалады.
- 4.4 Офис-Регистратор қағаз жүзіндегі келісімі болмаса, емтиханға бөтен адам кіргізілмейді.
- 4.5 Тьютор өзінің ОӘК-де, силлабустарында, оқу бағдарламаларында барлық бағдарлама материалдарын қамтыған сұрақтар тізімін құрастырады. Емтихан сұрақтарының тізімі

(тестер, емтихан билеттерінің мазмұны және т.б.) кафедрада қаралып, бекітілуі тиіс және сессияның басталуынан екі апта бұрын студенттерге беріледі. Емтихан алды кеңестер кафедра тьюторымен жұмыс уақытында жүргізіледі.

4.6 Студенттердің сессияға жіберілуін факультет деканы жүзеге асырады.

4.7 Рейтингіден төмен баға алған студент емтихан сессиясына жіберілмейді.

4.8 Емтихандар жазбаша, тесттер (компьютер түрінде) кешенді түрде алынады.

4.9 Емтихан қабылдау түрі кафедра кеңесінде қаралып, факультет деканымен бекітіліп, сестірдің басталуынан бір ай бұрын ОР-ға беріледі.

4.10 Билеттер 25-30 данада дайындалып, тьютор мен кафедра меңгерушісі бекітіп, ОР-ға тапсырылады. Билеттер үш сұрақтан тұруы тиіс (қосымша 1). Оқытылатын пәндердің, мамандықтардың өзгешеліктерін ескере отырып, тьютор қосымша практикалық тапсырмалар қосуға құқығы бар.

4.11 PLATON бағдарламасымен алынатын компьютерлік тест құрағанда (2 несие-240 сұрақ, 3 несие-360 сұрақ және т.б.), және 30% жеңіл сұрақтар, 40% орташа қиын сұрақтар, 30% қиын сұрақтар ескеріле отырып, 1 несиелік пән 120 сұрақтан кем болмауы қажет.

4.12 Емтихан уақытында дәріскердің шешімі мен студенттерге қосымша анықтама әдебиеттерді қолдану рұқсат етіледі. Экзаменатор студенттерге пән бағдарламасынан тыс билеттің сыртында қосымша сұрақтар қоя алады.

4.13 Студент сынақ пен емтиханға келген уақытта экзаменаторға міндетті түрде сынақ кітапшасын көрсетуі қажет. Оқытушы студенттен сынақ кітапшасы болмаған жағдайда, сынақ пен емтихан қабылдауға құқысы жоқ; тек факультет деканының, сынақ кітапшасының орнына деген белгісі бар өкімі болған жағдайда ғана сол студент жіберіледі.

4.14 Емтиханға келмеген студенттің тұсына, ОР жасаған кесте бойынша емтихан ведомосына сөзбен «келген жоқ» деп жазылады. Емтиханға жіберілмеген студенттердің тұсына емтихан ведомосына «жіберілмеген» деген жазу жазылады. Себебі қалған студенттің растайтын құжаты болған уақытта факультет деканының өкімімен жеке емтихан тапсыратын график қойылады. Емтиханға келмеген студенттің растайтын құжаты болмаған жағдайда «қанағаттанарлықсыз» бағаға теңдестіріледі.

4.15 Емтиханда қанағаттанарлықсыз баға алған студент жазғы семестрде қайта сол пәнді игеріп, аралық бақылау мен қорытынды бақылау тапсырады.

4.16 Емтихан қорытындысымен келіспеген студент емтихан өткен күннің ертеңінен қалмай апелляцияға береді. (қосымша 4)

4.17 Апелляция қорытындысы хаттамамен рәсімделіп, осының негізінде шешім бойынша қорытынды баға қойылады.

4.18. Қорытынды бақылауды жақсы бағаға көтеру үшін қайта тапсыру рұқсат етілмейді.

4.19. Емтихан, сынақ ведомостары, білім алушылардың барлық оқу кезеңі бойындағы жинаған несие санын есепке алып отыратын ОР-не беріледі.

4.20. Экзаменатор емтихан қабылдап, сол күні емтихан қорытындысын PLATON ААЖ-не енгізеді, содан кейін экзаменаторға емтихан ведомосы беріледі. Емтихан қорытындысы сол күні кіргізіліп, ОР қабылдайды.

4.21. Студенттердің сынақ кітапшаларына бағаны экзаменатор не болмаса оны ауыстыратын оқытушы қойып, қол қояды. Бағалар білімді бағалау баллдық-рейтингтік әріптік жүйеге сәйкес қойылады. (қосымша 3)

4.22. Ведомостарды, сынақ кітапшасын түзеу және ластауға қатаң тыйым салынады.

4.23. Емтихан ведомостары PLATON ААЖ арқылы шығарылып, оған ОР регистраторы, экзаменатор және декан қол қояды.

РМК «Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

_____ кафедрасы

_____ мамандығы

_____ пәні

Билет № _____

1. _____
2. _____
3. _____

« » 20 ж. күнгі № Хаттама

Кафедра меңгерушісі _____ (аты-жөні)

Құрастырған _____ (аты-жөні)

«Бекітемін»

_____ (Кафедра меңгерушісі (аты-жөні)

« » 20 ж.

күнгі № Хаттама

Емтихан сұрақтары студенттер үшін

_____ тобы, « » пәні бойынша

Билет № _____

1. _____
2. _____
3. _____

Құрастырушы:

_____ (аты-жөні)

РМК «Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты»

_____ кафедрасы
_____ мамандығы
_____ пәні

«Бекітемін»
Кафедра меңгерушісі (аты-жөні)
«_____» 20____ ж.
күнгі №____ Хаттама

Студенттерге тест тапсырмалары
_____ тобы, «_____» пәні бойынша
1 нұсқа

Үлгі №2

<question1>Предмет детской психологии –

<variant>Законы психического развития ребенка.

<variant>Законы физиологического развития ребенка.

<variant>Законы культурного развития ребенка.

<variant>Законы принципиального развития ребенка.

<variant>Законы умственного развития ребенка.

<question2>Детская психология-это наука изучающая:

<variant>Факты и закономерности психического развития ребёнка; развития его деятельности, развития психических процессов и качеств и формирования его личности.

<variant>Общие законы. характерные всех психических явлений, и даёт самые общие объяснения человеческого поведения.

<variant>Связь психических явлений и поведения человека с работой организма. центральной нервной системой и мозгом.

<variant>Индивидуальные своеобразия психических явлений и поведение человека, те особенности, которые отличают людей друг от друга.

<variant>Психологию и поведение людей разного возраста, а также законов психического и поведенческого возрастного развития людей.

<question3>Детская психология тесно взаимосвязана с такими науками:

<variant>Психологией, педагогикой, биологией, физиологией, медициной.

<variant>Математикой, физикой, химией, биологией.

<variant>Юридическая психология, медицинская психология, психология развития.

<variant>Зоопсихология, медицина, инженерная психология.

<variant>Педагогика, математика, биология, физиология.

**Дәстүрлі шкаламен аударғандағы білім алушылардың оқу үлгерімінің
балдық-рейтинг әріптік бағалары**

Әріп жүйесі бойынша	Балдың сандық эквивалент	Проценттік мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,00	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,00	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,00	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,00	50-54	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-49	

Ы.Алтынсарин атындағы
Арқалық мемлекеттік
педагогикалық институтының
Офис- Регистратор бөлімінің
бастығы Л.С.Шайменоваға

Өтініш

Аппеляциялық комиссия отырысында _____
(пән атауы) пәнінің емтихан _____ (емтихан уақыты) қорытындысын
қарастыруыңызды сұраймын:

1. № ____ билетінің сұрағында бірнеше дұрыс жауаптар болды.
2. № ____ билетінде сұрақ дұрыс құрастырылмаған.
3. Билеттің (тесттің) сұрағында силлабус пен пәннің программалық материалында сұрақтар тізімінде көрсетілмеген.

Күні. Студенттің қолы